

2004 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Шарбақты аудандық әкімиятының 2004 жылғы 4 ақпандағы N 23/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 16 наурызда N 2348 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149-11 "Халықты еңбекпен қамту туралы" Заңына 7 бабының 6 тармағын, 5 бабының 2 тармағын жүзеге асыру мақсатында аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландырудың
Қ а ғ и д а с ы б е к і т і л с і н .
2. Жұмыссыздардың ішінен әлеуметтік қорғауды мұқтаж етуші мақсатты
т о п т а р ы б е к і т і л с і н .
3. Еңбекпен қамту бөлімі әлеуметтік жұмыстарды орындау үшін
кәсіпорындармен және ұйымдармен бірге келісім шарт бекітсін.
4. Әлеуметтік жұмыс орындарын 010 "Еңбекпен қамту бағдарламасы"
бағдарламаға қосымша 103149 "Еңбекпен қамту саласында азаматтарды
әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралары" бойынша аудандық бюджет
қаржысы және өтініш бойынша жұмыс берушінің қаржысы есебінен жүргізіледі.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
Г.С.Теміржановаға жүктелсін.

А у д а н ә к і м і н і н

міндетін орындаушы В.Савчук

Ш а р б а қ т ы а у д а н ә к і м д і г і н і н
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 0 4 а қ п а н
" 2 0 0 4 ж ы л ы ә л е у м е т т і к ж ұ м ы с
о р ы н д а р ы н ұ й ы м д а с т ы р у т у р а л ы "
N 23/1 қаулысымен бекітілген

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі қағида 1. Жалпы қағида

1. Осы Қағида халықтың мақсатты тобының ішіне жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және

қаржыландыру тәртібін анықтайды, (меншік құрылымына қарамастан) әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынушы ұйымдармен есеп айырысу жүйесін және негізгі шарттарды реттейді.

2. Осы Қағидада қолданылатын негізгі ұғымдар:

Әлеуметтік жұмыс орны - жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен қабылданған жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу үшін еңбекпен қамту бөлімінде тіркеуге алынған жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілермен ұйымдастырылған жұмыс орны.

Мақсатты топтар - Қазақстан Республикасының "Халықты еңбекпен қамту туралы" Заңында белгіленген жұмысқа орналасу үшін қиындық көрген және әлеуметтік қорғауды талап ететін топтар.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек туралы зейнетақымен қамтамасыз ету және сақтандыру жөніндегі заң актілері таратылады.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға жолдама беруді еңбекпен қамту бөлімі жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың тәртібі және оған жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру

5. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін беріледі немесе кәсіпорындар мен ұйымдар қабылдаған жұмыскерлердің еңбекақысын толық немесе бөлшектеп төлеу жағдайында ұйымдастырылады.

6. Еңбекпен қамту бөлімі әлеуметтік жұмыстарды орындау үшін кәсіпорындар және ұйымдармен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың мерзімі және шарты жөнінде келісім-шарт бекітеді.

7. Келісім-шарт бекіткен кезде алдағы уақытта әлеуметтік жұмыс орындарына тұрақты жұмысқа қабылдауға сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыруға кепілдік беретін кәсіпорындар мен ұйымдарға жеңілдік беріледі.

8. Еңбекпен қамту бөлімі жұмыссыздарды әлеуметтік жұмысқа жөнелтуді олардың келісімі бойынша ғана іске асырады.

9. Кәсіпорындар ие ұйымдарға әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздар еңбекпен қамту бөлімінен есептен шығарылады.

10. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыскерлердің еңбек ақысы жұмыс берушінің белгілеуімен жұмыстың жағдайына байланысты және Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген ең кем еңбек ақы мөлшерінен кем болмауы керек.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көзі

11. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көзі: жергілікті бюджет және жұмыс берушілердің қаржы есебінен жүргізіледі.

12. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру "Еңбекпен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралары" 103149 бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет қаржысы есебіне іске асырылады.

13. Жұмыс берушінің жұмыссыздардың әлеуметтік жұмысқа орналастырылғандардың еңбек ақысына төленетін қаржы шығыны жергілікті бюджеттен 50 пайызына дейін толықтырылады, Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген ең кем еңбек ақысынан көп болмауы тиіс.

Мақсатты топтағы жұмыссыздардың жеке топтары үшін ұйымдарда әлеуметтік жұмыс орындарын құрған кезде қабылданған жұмыскерлердің еңбекақысына толық өтемақы төлеу жүргізіледі.

14. Мақсатты топтағы жұмыссыздардың жеке топтары үшін ұйымдарда әлеуметтік жұмыс орындарын құрған кезде қабылданған жұмыскерлердің еңбекақысына толық өтемақы төлеу жүргізіледі.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру және ұйымдастырудың тәртібін бақылау

15. Мемлекеттік органдар белгіленген заң тәртібінде әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландырудың қағидаларын сақтауға бақылау жасауды іске асырады.

Шарбақты аудан әкімдігінің
2004 жылғы 04 ақпан
"2004 жылы қоғамдық әлеуметтік
жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы"
N 23/1 қаулысымен бекітілген

Шарбақты ауданы бойынша халықтың мақсатты топтарының Тізбесі

1. Аз қамтамасыз етілген отбасылары.
2. 21 жасқа дейінгі жастар.
3. Балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар және 23 жасқа дейінгі ата-анасының қамқорынсыз қалғандар.
4. Жалғызбасты, көпбалалы ата-аналар, кәмелет жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу.
5. Қазақстан Республикасының белгіленген заң тәртібінде ұдайы күтімді, қадағалап отыруды немесе көмекті талап ететін тұлғалары бар азаматтар.

